

Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1374 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 28 шілдедегі N 786 қаулысымен

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

3 1

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N

1 3 7 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленді әрі жеке және заңды тұлғаларға аталған қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі - лицензиаттар) дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметі лицензиялануы тиіс.

2. Заңды тұлғалардың - лицензиаттардың филиалдары мен өкілдіктері олардың құрамында лицензияланады.

3. Дене шынықтыру және спорт саласындағы орталық атқарушы орган (бұдан әрі - лицензиар) лицензиат осы Ереженің 2-бөлімінде көрсетілген талаптарға сай болған кезде білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия береді.

2. Лицензия берудің тәртібі мен шарттары

4. Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін заңды тұлға лицензиарға мынадай құжаттар ұ с ы н а д ы :

- 1) белгіленген үлгідегі өтінішті;
- 2) құрылтайшылық құжаттардың көшірмелері, мемлекеттік тіркеу туралы (нотариалды куәландырылған) куәліктерді;
- 3) бюджетке лицензиялық алым төленгендігін растайтын құжаттың кө ш і р м е с і н ;
- 4) Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық талаптарына сәйкес жаттықтырушы-оқытушылар құрамының білімі мен біліктілігін растайтын құ ж а т т а р д ы ң кө ш і р м е л е р і н ;
- 5) спортшыларға және дене шынықтырумен шұғылданушыларға медициналық қызмет көрсету туралы дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерімен және (немесе) медицина қызметкерімен жасалған шарттың көшірмесін;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес меншікті немесе жалға алынған спорт құрылысының бар екендігін растайтын құжаттардың көшірмелерін.

5. Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін жеке тұлға лицензиарға мынадай құжаттар ұ с ы н а д ы :

- 1) белгіленген үлгідегі өтінішті;
- 2) бюджетке лицензиялық алым төленгендігін растайтын құжаттың кө ш і р м е с і н ;
- 3) "дене тәрбиесі және спорт" мамандығы бойынша жоғары немесе орта арнаулы дене шынықтыру немесе педагогтік білімін растайтын құжаттардың кө ш і р м е л е р і н ;
- 4) спортшыларға және дене шынықтырумен шұғылданушыларға медициналық қызмет көрсету туралы дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерімен және (немесе) медицина қызметкерімен жасалған шарттың көшірмесін;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес меншікті немесе жалға алынған спорт құрылысының бар екендігін растайтын құжаттардың көшірмелерін.

6. Лицензия Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде беріледі.

7. Лицензия бір данада беріледі, лицензия жоғалған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиат жазбаша өтініші бойынша телнұсқасын алады.

8. Лицензия лицензиатқа немесе оның өкіліне сенімхаттың негізінде беріледі.

9. Лицензияға лицензиялық органның басшысы не оның орнындағы тұлға қол қояды және лицензиардың мөрімен куәландырылады.

3. Лицензиялық алым

10. Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиялық алымның ставкасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленеді. Лицензиялық қызметпен айналысудың бүкіл кезеңіне лицензия беру лицензия берілген сәтте біржолғы лицензиялық алым төленіп жүзеге асырылады.

4. Лицензия беруден бас тарту, оның қолданылуын тоқтату, оны қайта ресімдеу, қайтарып алу және қолданылуын тоқтата тұру

11. Лицензия беруден бас тарту, оның қолданылуын тоқтату, оны қайта ресімдеу, қайтарып алу және қолданылуын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында көзделген негіздермен жүзеге асырылады.

5. Лицензияның қолданылу мерзімі

12. Лицензия қолданылу мерзімі шектелмей беріледі.

6. Есепке алу және бақылау

13. Лицензиат берілген лицензияларда бірыңғай есепке алуды жүргізеді.

14. Лицензиар осы Ереженің сақталуын бақылауды жүргізеді.